

## Жоспар

Кіріспе.....	2
I бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжаудың мазмұны.....	3
1.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың қажеттігі, міндеттері және мақсаттары.....	3
1.2. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың қағидалары мен әдістері.....	7
II бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың кезеңдері мен түрлері.....	10
2.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауды жасау кезеңдері.....	10
2.2. Қаржы жоспарларының негізгі түрлері.....	11
2.3. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың объектісі.....	16
III бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауды жетілдіру жолдары.....	18
3.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжауды жетілдіру (бизнес-жоспар) және көрсеткіштері мен олардың ерекшеліктері.....	18
Қорытынды.....	23
Қолданған әдебиеттер.....	24

## Кіріспе

Нарықтық қатынастардың құрылымын да, мемлекет тарапынан оларды реттеу механизмінде де Кәсіпорын қаржысы зор рөл атқарады. Кәсіпорын қаржысы - нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Бұл орайда, қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың түсініктемесін бермес бұрын, қаржының не екеніне тоқталып кеткеніміз жөн. Қаржы деп мемлекеттің функциялары мен міндеттерін орындау және ұлғайтатын өндірістің жаңағын қамтамасыз ету мақсатында орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдаланумен байланысты болатын экономикалық қатынастарды айтады.

Осы жұмыста қарастырылатын қаржылық жоспарлау мемлекеттік қаржыны басқару тетігінің бір элементі болып табылады. Қаржыны басқару - бұл қаржы қатынастарының бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары) шараларының жиынтығы. Қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты функционалдық элементтерді бөледі: ақпарат, жоспарлау (болжау), ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Жоспарлау (болжау) қаржыны басқарудың жүйесінде маңызды орын алады. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлардың нақты міндеттері қаржы саясатымен анықталады. Бұл - жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақша қаражаттарының мөлшерін және оның көздерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында, халық шаруашылығының салалары мен әкімшілік-аумақтық бөліністері арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы арақатынасын (пропорциясын) белгілеу; ресурстарды пайдаланудың нақты бағыттарын анықтау және т.б.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау - бұл белгілі бір кезеңге арналған қаржы ресурстарының және тиісті қаржы қатынастарының қозғалысын негіздеудің ғылыми процесі.

Қаржыны жоспарлаудың міндеті — жұмылдырылатын және пайдаланылатын қаржы ресурстарының ұдайы өндірістің материалдық-заттай элементтеріне оңтайлы сәйкестігі негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жүйелердің дамуының пропорционалдығы мен теңдестірілуіне жету.

Экономикалық жоспарлау жүйесінде қаржылық жоспарлау белсенді рөл атқарады, өйткені ол, бір жағынан - қаржы ресурстарын басқарудың құралы, басқа жағынан - қозғалыс өндіріс процесіне ықпал етудің маңызды тұтқасы.

## I бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжаудың мазмұны

### 1.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың қажеттігі, міндеттері және мақсаттары

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжау — бұл қаржы механизмнің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Олар экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттық шаруашылық кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, ұйымдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі сол, бұл жоспарлау өндірістің материалдық-заттай элементтері тұрасында, ақшамен ұйымдық ұдайы өндіріске белсенді ықпал жасау тұрасында ақша қозғалысының салыстырмалы дербестігімен шарттасылған ақша нысанында жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның қаржысының табысты іс-әрекет етуі және ұйымдық процестерге белсенді ықпал етуі мәнінесе қаржы ресурстарының қозғалысын, шаруашылықты жүргізудің барлық деңгейлерінде ақша айналымын қалыптастырып, белуді алдын ала үлгілеуге байланысты болады. Мұндай процесс тәртіпті (реттілікті) анықтайтын өзара үйлесілген тапсырмалардың, көрсеткіштердің кешенді жүйесін жасауды, ақша түсімдерін жұмысшылардың прогрессивті нысандарын қолдануды қажет етеді.

Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерді, белгіленетін қаржы операцияларын негіздеп дәлелдеуге, көптеген шаруашылық шешімдердің нәтижелілігі сияқты, қаржылық жоспарлау мен болжау процесінде қол жетеді. Бұл ете ұқсас ұғымдар экономикалық әдебиет пен практикада жиі теңестіріледі. Іс жүзінде қаржылық болжау жоспарлаудың алдында болуы және көптеген нұсқаларды бағалауды жүзеге асыруы тиіс (тісінінше макро-және микродеңгейлерде қаржы ресурстарының қозғалысын басқарудың мүмкіндіктерін анықтауды тиіс). Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың көмегімен белгіленетін болжамдар нақтыланады, нақтылы жоспар, көрсеткіштер, өзара үйлесілген міндеттер, оларды іске асырудың дәйектілігі, сондай-ақ таңдалынған мақсатқа жетуге көмектесетін әдістер анықталады.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау - бұл қаржы жоспарларын (тапсырмаларын) әзірлеу, қаралған мерзімде оларды орындау, белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған процесі. Жоспарлау басқарудың элементі ретінде қаржы саясаты құралдарының бірі болып табылады. Ол ірі шаруашылық өзгерістерді байсалды және елеусіз жасауға мүмкіндік туғызады.

**Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың объектісі** шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі, ал нәтижесінде қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларына бастап мемлекеттің жаппайлық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Өрбір жоспарда белгілі бір мерзімге белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және кредит жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады.

**Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың мазмұны** ақшалай табыстар мен қорланымдарды жасау, бөлу және қайта бөлуді экономикалық процестермен оңтайландырудың күні бұрын анықталған мүмкіндік ретінде көрінеді және осының негізінде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау экономиканы және оның буындарын басқарудың аса маңызды функциясы болып табылады. Оны мемлекеттік билік пен басқарудың органдары, мекемелері және олардың жоғарғы құрылымдары жүзеге асырады.

### **Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері**

қаржы саясатымен анықдалады. Бұл жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардың көздерін анықтау, кірістерді өсірудің, шығыстарды үнемдеудің резервтерін анықтау, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында қаражаттарды бөлуде оңтайлы үйлесімдерді белгілеу және басқалары.

#### **Жоспарлау:**

- 1) экстенсивтілігімен (әлеуметтік-саяси және экономикалық құбылыстардың кең шеңберін қамтиды);
- 2) қарқындылығымен (кәміл техника мен әдістерді қолдануды түсінеді);
- 3) тиімділігімен (нәтижесінде қаржыны басқару қойған міндеттерге жетудің қажеттілігін білдіреді) сипатталады.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауда мына тәсілдемелер пайдаланылады:

- а) автоматтық (өткен жылдың деректері көлесі жылға көшіріледі. Инфляция кезінде деректер Инфляцияның коэффициенттеріне көбейтіледі. Бұл әдіс ең қарапайым әдіс болып табылады және, әдеттегідей, уақыт жетіспеушілігі кезінде пайдаланылады;
- ә) статистикалық (өткен жылдардың шығыстарын қосып, өткен жылдардың санына бөледі);
- б) нәлдік база тәсілдемесі (барлық айқындалмалар қайта есептелуі тиіс бұл әдіс нақтылы қажеттіліктерді есепке алады және оларды

мүмкіндіктерімен үйлестіріледі).

Нарықтық экономика жағдайында жоспарлау басқарудың функциясы ретінде экономикалық және әлеуметтік қызметтің барлық жақтарына жалпыға бірдей қамту нысанын алуы тиіс. Егер жоспарлы экономикада қаржыны жоспарлауда сүйеніш белгілілік процестерге жасалынса, нарықтық экономикада айырбас сферасына сүйенеді, бұл сфера арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізу және оларды өндіру мен өткізу кезінде қоғамдық қажетті нығыздарды тану (мойындау) жүзеге асырылады.

Демек, нарықтық экономикада тауарлар мен қызметтерді өндіру мен өткізу процесіндегі байланыстың үстемдік және айқындаушы әдісі ақшаны, бағаны, құн заңын, сұраным мен ұсыным заңын кіріктіретін өзінің механизмі бар рынок болады. Нарықтық механизмнің мұндай табиғаты өндіріс пен айырбас нәтижелерін анықтаудың әдісі ретінде, бірақ жоспарлаудың элементтері болатын болжаудың қажеттігін анықтайды.

Шаруашылықты жүргізудің нарықтық жағдайында қаржылық жоспарлау шаруашылық жүргізудің белгіленетін түпкілікті нәтижелеріне ықпал етуші көптеген факторлардың екі ұштылығына байланысты көбінесе болжау ретінде жүргізіледі.

**Кәсіпорынның қаржылық болжау** - мемлекеттің мүлкіне болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу (дәлелдеу). Болжамдар орташа мерзімді (5-10 жыл) және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) болуы мүмкін. Кәсіпорынның қаржылық болжау қаржы жоспарларын жасау стадияларынан бұрын болады, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне арналған қаржы саясатының тұжырымын жасайды. Кәсіпорынның қаржылық болжаудың мақсаты - болжанған кезеңдегі қаржы ресурстарының шынайы мүмкін болатын ауқымын, оларды қалыптастырудың кездерін және пайдалануды анықтау болып табылады. Болжамдар қаржы жүйесінің органдарына қаржы жүйесін (құрамды) дамыту мен жетілдірудің түрлі нұсқаларын, қаржы саясатын іске асырудың нысандары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:

экономикалық процестерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық үлгілерді жасау,

корреляциялық-регрессиялық талдау;

тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесінде сонымен бірге индикативтік және ұғынбалы (нұсқамалық) жоспарлау пайдаланылады, ол ақпараттық-үйлестіруші рөлді орындайды және қаржы қызметінің субъектілеріне экономикалық реттеушілер арқылы жанама түрде ықпал етеді.

**Индикативтік жоспарлау** нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуде және экономиканың стратегиялық ұзақ мерзімді бағыттарын анықтауда маңызды орын алады, мұның процесінде экономиканы ойдағыдай дамытудың бүкіл негізі анықталады.

Қазақстанда индикативтік жоспарлау 1993 жылдан бері қолданылады. Оны жасау барысында Батыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінің тәжірибелері негізге алынып келеді. 1996 жылдан бері ағымдағы индикативті (жылдық) жоспарлау негізінде мемлекеттік бюджетті жасау жұмыстары қалыптасты.

Индикативтік жоспарлаудың қазіргі кезеңдегі басты ерекшелігі зерттемелік қасиеті. Яғни іргалдағы тенденцияларға терең және жан-жақты сараптама жасау арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың нысандары көзделінеді, әрі алда тұрған небір өзекті мәселелер нақтылы белгіленеді. 2001-2005 арналған индикативтік жоспардың басты мақсаты - экономикада бәсежелестікті арттыру.

Индикативтік жоспардың ажырағысыз бөлігі **индикативтік қаржылық жоспарлау** болып табылады, бұл жоспарлаудың басты мақсаты - болжанған дамуды қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарының шамаланған ауқымын және олардың бағытын анықтау. Индикативтік қаржы жоспарларының мемлекеттік секторда ғана міндетті сипаты, ал меншіктің басқа нысандарының секторлары үшін кепілдемелік сипаты болады. Соңғыға экономикалық тетіктерді - реттелетін бағаны, субсидияларды, кредиттерді, салық мөлшерлемелері мен жеңілдіктерін, жетелдетілген амортизацияны және басқаларды пайдалану арқылы жетеді. Аса маңызды индикаторларға мыналар жатады: валюта бағамы, Инфляцияның болжанған деңгейі, Ұлттық банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемелері, амортизациялық аударымдардың нормалары.

Әлеуметтік-экономикалық болжау жүйесінде қаржылық жоспарлау белсенді рөл атқарады. Қаржы жоспарлаудың әзірлеу кезінде өндірістік тапсырмалардың қауыртылығының дәрежесі тексеріледі, өнім өндіру мен оның сапасын жақсарту бойынша өндірістік қуаттылықтарды неғұрлым толық пайдалану есебінен, шығындарды төмендету және өнімсіз шығасыларды қысқарту резервтері есебінен қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктері анықталады. Өндіріске қолда бар материалдық ресурстарды тартуды, айналым қаражаттарының айналымдылығын тездетуді, құрылыстың сметалық құнын төмендетуді, басқару аппаратын ұстау шығындарын қысқартуды және т.б. ескере отырып, сондай-ақ ақшаға деген қажеттілікті азайтудың жолдары қарастырылады. Сөйтіп, қаржылық жоспарлау, бір жағынан, қаржыны басқарудың құралы, басқа жағынан іргалдық өндірістің процесіне ықпал жасаудың белсенді құралы болып табылады.

## 1.2. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың қағидалары мен әдістері.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың әдістемелігі аса маңызды мына қағидаларға негізделеді:

Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған тәсілдемелердің үйлесуі. Бұл Кәсіпорынның қаржы жоспарларын жасағанда екі негіздің (бастаудың) - орталықтандырылған қаржылық жоспарлаудың жергілікті (төменгі) бастаманы барынша дамытумен етене ұштасуын білдіреді. Орталықтандырылған қаржылық жоспарлау мемлекетке бірыңғай қаржы саясатын жүргізуге, мемлекет ауқымында қаржы ресурстарын бөлуді және қайта бөлуді нысаналы басқаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудағы децентрализм өндірістік бөліністер мен биіктің жергілікті органдарының нақтылы жоспарлар жасап, оларды орындаудағы өндірісті өркендеудің және оның нәтижелілігін арттырудың резервтерін іздестірудегі шығармашылық белсенділігін дамытуға жәрдемдеседі.

Биіктің жергілікті органдары бюджеттерінің олардың аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің нәтижесіне тәуелділігін белгілеуге ұзақ мерзімді нормативтердің негізінде аймақтардың қаржыларын басқарудың экономикалық әдістеріне көшу үлкен маңызға ие болып келеді. Сонымен бір мезгілде жалпы мемлекеттік қаржыларды жүйелі түрде нығайту, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің тұрақтылығын, қоғамдық өндіріс дамуының әлеуметтік бәждарлануын күшейтуде, тиімділікті арттыруда оның рөлін арттыру қажет;

- **бірлік:** қандағы Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың экономикалық және әлеуметтік жоспарлаумен тығыз өзара байланысы мен өзара тәуелділігінде көрініп білінеді. Қаржы жоспарларының негізінде экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары мен болжамдарының көрсеткіштері жатыр. Сонымен бірге қаржылық жоспарлаудың барысында объектінің дамуының белгіленген параметрлері дәлелденіп анықталады, экономикалық және әлеуметтік жоспардың жеке элементтері мен бөлімдерінің баланстық байланыстары тексеріледі. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың бірлігі сонымен бірге қаржы жоспарларының барлық түрлерінің тығыз өзара байланысын білдіреді. Жоғарғы ұйымдардың қаржы жоспарларының көрсеткіштері оған қарсы субъектілердің жоспарлы жобаламаларын қиықтiredі. Мемлекеттік деңгейде жасалынатын қаржы жоспарлары (мемлекеттік бюджет) басқарудың жергілікті органдарының Кәсіпорындары мен ұйымдарының қаржы жоспарларының көрсеткіштерін тірек етеді;

жоспарлаудың **үздіксіздік қағидалы** перспективалық және жылдық (ағымдағы) қаржы жоспарларының тығыз үйлесуін шамалайды, бұған перспективалық жоспарлаудың іс-қимылының мезгілін ұзартумен және

жылдық жоспарлауда олардың міндеттерін нақтылаумен қол жетеді. Кәсіпорынның Қаржылық жоспарлаудың бұл қағидаты ағымдағы және перспективалық жоспарлаудың арасында үзілісті болдырмауға, шаруашылық жүргізуші субъектілерді, олардың нақтылы даму перспективаларын анықтай отырып, дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді; бұл қағидат шығыстардың көпшілігі үшін, әсіресе мемлекет қаржысын бөлуді есептеу кезінде қолданылады. Бұл жоспарлаудың жүйелік-түрлендірме әдісі – жоспарлау, бағдарламалау және бюджет жасау:

жоспарлау өзіне мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыруды және бағдарлауды кіріктіреді;

бағдарламалау деп мақсаттарға жету үшін пайдаланылатын құралдардың қолда барын іріктеуді және жаңаларын табуды түсінеді;

бюджет жасау - жалпы көпжылдық бағдарламаларды қаржы жылдары бойынша жылдық бюджеттік цифрлар тіліне аудару процесі. Бұл дәстүрлі бюджеттік топтастыру бойынша сан жағынан тұралаған операциялардың бүкіл жиынтығын бөлу процесі.

Кәсіпорынның Қаржылық жоспарлау (болжау) белгілі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына жататын ең маңыздылары мыналар:

**1. Экстраполяция (немесе коэффициенттер) әдісі.** Оның мағынасы қаржылық көрсеткіштерді олардың динамикасын белгілеу негізінде анықтауда болады. Есеп-қисаптар есепті кезеңнің жетістіктері және оларды өсудің немесе төмендеудің салыстырмалы тұрақты қарқынына түзету негізінде жүргізіледі. Мұндай тәртіптің айтарлықтай кемшіліктері бар:

мүмкін болатын ішкі шаруашылық резервтерді анықтауды есепке алмайды;

материалдық және ақша ресурстарын пайдалануға теріс әсер етеді, өйткені жоспарланатын кезеңде олардың көлемі қол жеткен деңгейге қарай анықталады.

**2. Нормативтік әдіске** сәйкес жоспарлы қаржылық көрсеткіштер белгіленген нормалар мен нормативтердің негізінде есептеп шығарылады.

**3. Математикалық үлгілеу әдісі** процестің үлгісін құру және оны қаржы саласына көшіру.

**4. Баланстық әдіс** шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесімділігін, қаржы жоспарларының барлық бөлімдерінің, сонымен бірге өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің және қаржылық көрсеткіштердің өзара үйлесуін қарастырады. Қаржы балансының талаптарын сақтау кәсіпорынның саланың, бюджеттердің, бүкіл ұлттық шаруашылықтың шығындары мен табыстарының арасында үйлесімділіктің пайда болуынан сақтандыруға; ұлттық шаруашылықты дамытудың қажетті қарқындары мен үйлесімдерін анықтауға; ішкі резервтерді жұмылдыруды ескере отырып оларды жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді.



5. Сараптық бағаларлар әдісі жоспарлау объектісінің жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін аса білікті мамандардың тәжірибесін пайдалануды қажет етеді.

II бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың кезеңдері мен түрлері

## 2.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауды жасау кезеңдері

Объективті талаптарға жауап беретін Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауды ұйымдастыру оның негізгі қағидаттарын саналы есепке алуды қажет етеді. Отандық экономикалық әдебиеттерде қаржылық жоспарлаудың қағидаттарын анықтауда әр түрлі көзқарас бар. Алайда қағидаттар басқарудың бұл стадиясының негізгі ережелері ретінде дамудың барлық дәуірі, кезеңдері үшін бірдей болады. Өзгертін жоспарлаудың қағидаттары емес, тек оларды іске асырудың механизмі, өндіргіш күштердің ғылымның және көптеген басқа факторлардың даму деңгейіне байланысты оның әдістері өзгереді.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауда тарихи мына **ұйымдық қағидаттар** қалыптасты: ведомстволық, салалық, аумақтық және предметтік-мақсатты **Ведомстволық** және **салалық** қағидаттар экономиканы бір орталықтан басқарудың (оның қатаң, әміршіл әдістерімен) кезеңіне сипатты болды.

Нарықтық қатынастар жағдайында аумақтық және предметтік-мақсатты қағидаттар кезінен қолданылатын болады. Кәсіпорынның **Аумақтық, қаржылық, жоспарлау** әкімшілік-аумақтық бөлімдердің қаржы ресурстарын анықтауға мүмкіндік береді; ресурстар ауқымын шаруашылық қызметтің нәтижелеріне тәуелді ғып қоюға көмектеседі; объективті себептер бойынша ресурстардың тапшылығы жағдайында аймақтың қолайлы әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін оларды орталықтандырылған қорлар арқылы қайта бөлу мүмкін. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудағы **предметтік мақсатты қағидат** белгілі бір экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени және басқа бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарын нақтылы қалыптастыруға және пайдалануға бағытталған.

Кәсіпорынның қаржы жоспарларын жасау негізінен үш кезеңнен тұрады: **бірінші кезеңде** есеп беріліп отырған мезгілдің қаржылық көрсеткіштердің орындалуына экономикалық талдау жасалады. Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерді талдау өндірістік мөлiметтермен өзара байланыста жүргізіледі. Мұның өзі қаражаттарды толық жұмылдырудың себептерін ашуға, оларды пайдаланудың тиімділігі дәрежесін анықтауға, ішкі шаруашылықтық резервтерді табуға мүмкіндік береді.

**Екінші кезеңде** әлеуметтік және экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының көрсеткіштері негізінде кірістер мен шығыстардың нақтылы түрлерінің есеп-қисаптары жасалады.

Үшінші кезеңде сметадағы тапсырмалар және кірістердің баптары үйлестіріліп, теңестіріледі. Егер қарастырылған шаралар мен жоспарлы тапсырмалар ақша ресурстарымен сәйкес келмеген жағдайда табыстар мен

қорланымдарды көбейтудің жөздері іздестіріледі, оларды аса тиімді пайдаланудың жолдары анықталады, ал кейбір жағдайда шығындардың жөзө түрлерін тікелей қысқарту қарастырылады.

## **2.2 Қаржы жоспарларының негізгі түрлері**

Кәсіпорының қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты болып келетін **қаржы жоспары** шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың, аймақтардың және жалпы мемлекеттің ақшалай табыстары (кірістері) мен қорланымдарын құрудың және пайдаланудың жоспары болып табылады. Қаржы жоспары ұлттық шаруашылықтың ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Басқарудың барлық деңгейлерінде жасалынатын саны көп қаржы жоспарларын бір жүйеге келтіру үшін оларды көптеген белгілер бойынша сыныптаған орынды. Экономикалық әдебиеттерде олар негізгі екі топқа бөлінеді: жиынтық және бастапқы қаржы жоспарлары.

**Кәсіпорының жиынтық қаржы жоспарлары** жалпы мемлекеттік қаржы ресурстарының қозғалысын негіздейді, мемлекеттің қаржы жүйесі жүзеге асыратын қайта бөлестірістерін белгілейді.

Нысан бойынша олар әрқашан **жиынтық жоспарлар** болып табылады, бірақ бұл оның жалғыз ғана белгісі емес. Сонымен бірге министрліктердің ведомстволардың қаржы жоспарларының да құрамалық сипаты болады. Бірақ олар қаржы ресурстарының қозғалысын тек нақтылы саланың, ведомствоның шегінде ғана жобалайтындықтан, олар бастапқы жоспарларға жатады. Жиынтық қаржы жоспарлары ең алдымен өзінің мазмұнымен, ресурстардың объектісімен және сферасымен, жоспарлау әдістерімен және арналымымен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде жиынтық қаржы жоспарлары жалпы мемлекеттік, салалық, аумақтық жоспарларды кірістіреді. Мыналар **жалпы мемлекеттік** болып табылады: мемлекеттің жиынтық қаржы балансы, мемлекеттік бюджет, республикалық бюджет, бюджеттен тыс кірлер.

**Жиынтық қаржы балансы** деп орта мерзімді (бесжылдық) кезеңге арналған дамудың жалпы мемлекеттік болжамының қаржылық бағдарламасын айтады. Оны жасаумен Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банктің Белсенді қатысуымен экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі айналысады. Аймақтарда баланстың есеп-қисаптарын аймақтық органдар жүргізуі тиіс. Жиынтық қаржы балансында мемлекеттің, меншіктің барлық нысанының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ақша қорларын қалыптастырудың құрамы мен көздері және ұдайы өндіріс пен қалалық қажеттерге (әлеуметтік-мәдени шараларға, тұрғынға, басқаруға) оларды пайдалану қамтып көрсетіледі.

Баланстың кіріс бөлігі мыналарды кірістіреді: таза табыс, тұтынуға салынатын салықтар (қосылған құнға салынатын салық, акциздер, кеден баждары), амортизациялық аударымдар, сыртқы сауда операцияларынан

түсетін түсімдер, салықтар мен алымдар, қысқа мерзімді несиелендірудің ресурстары, ұзақ мерзімді несиелендірудің көздері.

Шығыстар бөлімінің аса маңызды көрсеткіштері: экономиканы дамытуға жұмсалатын шығыстар (күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру, айналым қаражаттарының есіміне жұмсалатын шығындар, мемлекеттік субвенциялар); сыртқы экономикалық операциялар жөніндегі шығыстар; әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын шығыстар; басқару мен қорғаным шығыстары; қысқа мерзімді кредит салымдарының және ұзақ мерзімді кредит беруге арналған қаражаттардың есімі.

Кәсіпорынның Жиынтық қаржы балансы сөйтіп ұлттық шаруашылықтың қаржы ресурстарын сипаттайтын қаржылық көрсеткіштердің жүйесі болып табылады. Жиынтық қаржы балансына қамтылатын көрсеткіштердің құрамы оның елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының материалдық және қаржылық үйлесімдерінің теңгерімділігін қамтамасыз етудің тетігі болып табылатындығын көрсетеді. Бесжылдық мерзімге (жылдарға бөле отырып) жасаған кезде бұл баланс қаржы және ақша-кредит қатынастарын дамытудың ауқымы мен сипатын алдын ала айқындайды. Жиынтық қаржы балансы ірілендірілген көрсеткіштер бойынша оларды министрліктер мен ведомстволарға нақтылы бекітусіз жасалынады. Мәселен, онда қарастырылған таза табыстың сомасы субъектілер, яғни жеке-жайлары бойынша бөлінбейді. Шығыстарда да сондай. Бұл баланстың көмегімен мемлекеттік бюджет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы жоспарларын жасау процесінде жүзеге асырылатын атаулы қаржылық жоспарлау үшін негіз қаланады.

Дүние жүзінің барлық елдерінде оперативтік Кәсіпорынның қаржы жоспары мемлекеттік бюджет болып табылады. Оны жасаудың керектігі мемлекеттің ақша ресурстарының көздері мен ауқымын анықтаудың және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оларды ұтымды бөлудің қажеттігінен туындайды.

Мемлекеттік бюджет кәсіпорынның қаржы жоспарлары мен болжамдарының жүйесінде бастысы болып келеді, өйткені олардың қалыптасуы мен орындалуына ол белсенді ықпал етеді, мемлекеттің түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілерімен және халықпен өзара қатынастарын айқындай отырып, оларды үйлестіреді. Бюджет белгіленетін жалпымемлекеттік экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды орындауда, демек, мемлекеттің функцияларын, оның ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

Бюджет балансы нысанында жасалады, онда жылдағы кезеңге арналған елдің, оның аумақтарының экономикалық және әлеуметтік бағдарламасына сәйкес бүкіл кірістері мен шығыстары жоспарланады. Сонымен бірге түсім көздерінің толық жиналуына, бюджет қаражаттарының ұтымды бөлінуіне және бюджеттің тапшылықсыз теңестірілуіне баса назар аударылады.

Аса маңызды оперативтік қаржы жоспары болып табылатын мемлекеттік бюджеттің жиынтық қаржы балансынан бірқатар елеулі айырмашылықтары бар. Онда мемлекеттің барлық кірістері емес, тек оның орталықтандырылатын бөлігі қамтып көрсетіледі. Жиынтық қаржы балансында мемлекеттің кірістері мен шығыстары туралы мәліметтер ірілендірілген түрде бүкіл ұлттық шаруашылық бойынша көрсетіледі, ал мемлекеттік бюджетте олар топтаспалы (нақтыланған) көрсетіледі. Бюджетте оған түсетін төлемдердің нақты атаулары мен оларды төлеушілер, арналымы және оларды алушылар көрсетілген.

Шаруашылық жүргізудің социалистік жүйесі мен қаржы жүйесінің барлық буындарын мемлекеттендірудің жоғары дәрежесі жағдайында мемлекеттік сақтандырудың жиынтық қаржы жоспары мен әлеуметтік сақтандырудың бюджеті сияқты орталықтандырылған қаржы жоспарлары да жасалды. **Мемлекеттік сақтандырудың жиынтық қаржы жоспары** бұл ұйымның барлық ақша түсімдері мен тиісінше стихиялық апаттарды ескертумен және оның зардаптарын жоюмен байланысты ұйғарылған шығындарды анықтайтын. **Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың бюджеті** (түгелдей КСРО-ның мемлекеттік бюджетіне қамтылатын) әлеуметтік сақтандыру қаражаттарын жасау мен бөлуді жоспарлайтын. Ол Кәсіподақ ұйымдарының барлық ақша ресурстары, Кәсіподақтардың, республикалық және облыстық кеңестерінің бюджеттерін, халықтың әлеуметтік қажеттерін, ВЦСПС-тің орталықтандырылған қаражаттарын біріктіреді.

Кей жылдары бүкіл ұлттық шаруашылықтың және республикалардың жиынтық қаржы жоспарлары да жасалды. Оларда бюджет ресурстарынан, мемлекеттік сақтандырудың қаражаттарынан басқа мемлекеттік Кәсіпорындардың қаражаттары есепке алынды.

Далыған нарықтық экономикасы бар елдерде бюджеттен басқа жалпымемлекеттік бағдарламаларды қаржымен қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық бюджеттен тыс қорлардың бюджеттері түрінде басқа да орталықтандырылған қаржы жоспарлары жасалады. Жұртқа мәлім, көптеген елдерде әлеуметтік, табиғатты қорғау сияқтындағы немесе басқа арналымдардың маңызды шараларын қаржыландырудың арнаулы көздері ретінде қалыптастырылады. **Бюджеттен тыс қорлар**, әдеттегідей, жалпымемлекеттік қаржы жүйесінің дербес буыны болып табылады, айрықша көздер есебінен құрылады және өзінің ресурстарын функциялық міндеттерді орындауға жұмсайды. Сондықтан олардың қаржы жоспарлары ағымдағы жылға түсетін барлық түсімдер мен шығындарды анықтайтын құндық баланстар болып келеді.

Жиынтық қаржы жоспарлары тек қаржы жүйесінің буындары бойынша емес, сонымен бірге қаржы ресурстары қозғалысының деңгейі бойынша да: жалпымемлекеттік немесе жеке аймақтардың (республикалық және жергілікті) жоспарлары болып ажыратылады.

Кәсіпорынның Салалық, (ведомстволық) қаржы жоспарларының жүйесі материалдық өндіріс салалары министрліктерінің (ведомстволарының) кірістері мен шығыстарының балансын, өндірістік емес салалар министрліктерінің (ведомстволарының) шығындарының құрама сметаларын, ұйымдық ұйымдардың және т.б. қаржы жоспарларын кірістіреді.

Кәсіпорынның аумақтық қаржы жоспарларына мыналар жатады: аймақтардың жалпылық, Кәсіпорынның қаржы баланстары, жергілікті бюджеттер, тиісті аумақтағы ұйымдардың және т.б. жоспарлары.

Кәсіпорынның Қаржы жоспарларының барлық түрлері өзара байланысты: мәселен, салалық жоспарлар ведомствосқа қарасты ұйымдардың жоспарларын біріктіреді; аумақтық, әдеттегідей, жалпымемлекеттік немесе салалық жоспарлардың бөлігі болып келеді.

Мезгіліне қарай қаржылық жоспарлау жылдық, орта мерзімді (үшжылдық, бесжылдық) және перспективалық болып бөлінеді. Қазіргі кезде жоспарлардың жоғарыда аталған барлық түрлері бір және бесжылдық мерзімге жасалынады.

Шаруашылық байланыстар мен экономика теңдестігінің бұзылуына, дағдарыстан туған шаруашылық органдарының іс-әрекет ету факторларының екі ұштылығына (кеғайбілдігіне) байланысты бес жылдық және перспективалық жоспарлау нарыққа етпелі кезеңде қатаң шектелінген. Арналымына байланысты бес жылға жыынтық кәсіпорынның қаржы балансы, бірқатар басқа жыынтық жоспарлар жасалуы тиіс, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының негізгі көрсеткіштері бойынша есеп-қисаптар жүргізілуі тиіс.

Кәсіпорынның бастапқы қаржы жоспарларының саны жыынтық қаржы жоспарларына қарағанда едәуір көп және нысаны мен мазмұны әр түрлі. Бұл толып жатқан, өзінің қызметі, ұйымдастыру түрі, басқару әдістері мен қаржыландырылуы әр алуан шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ведомстволардың қаржы жоспарлары. Бастапқы қаржы жоспарларының ортақтығы (бірлігі) олардың шаруашылық жүргізудің нақты субъектісінің ақша қаражаттарының жеке-дара айналымын негіздеу қабілеттігінде болып келетіндігі, осыдан барып олардың айрықша арналымын - бұл объектінің кірістері мен шығыстары, оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және қаржы ресурстары қозғалысын ортақтастыратын тиісті қатынастарды анықтау.

Кәсіпорынның бастапқы қаржы жоспарларын топтастырудың негізіне кірістердің, шығыстардың құрамы мен оларды есептеудің әдістемесіне, сондай-ақ мемлекетпен және ұдайы өндірістік процестің барлық қатысушыларымен қаржылық өзара қатынастардың қалыптасуына ықпал жасайтын түрлі белгілер қойылуы мүмкін. Оларға ең алдымен меншік нысандарын жатқызуға болады. Мәселен, мемлекеттік, жалгерлік, кооперативтік Кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, бірлескен

шетелдік кәсіпорындардың, жеке меншікті фирмалардың, қоғамдық ұйымдардың қаржы жоспарлары болып ажыратылады.

Бұл топтардың әрқайсысының Кәсіпорындарының бірқатар ортақтығымен қатар жеке субъектілердің қаржы жоспарлары, салалық ерекшеліктеріне, өндіріс өзгешелігіне, Кәсіпорының қызмет сферасына, типі мен көлеміне байланысты нысаны мен мазмұны жағынан айырмашылықтары болады. Шаруашылық саласы, қызмет түрі, басқару әдісі (коммерциялық есеп немесе бюджеттік қаржыландыру) қаржыландыру көздеріне, кірістер мен шығыстардың құрамына, құрылымына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан оларды салалық, ведомстволық белгісі бойынша, басқару нысаны, сондай-ақ кәсіпорындардың түрлері бойынша да (бірлестіктер, концерндер, ірі, орта, шағын Кәсіпорындар және т.с.с.) топтастырған орынды.

Кәсіпорының Қаржы жүйесінің барлық сфераларың, буындарының қаржы жоспарлары болады және қаржы жоспарының нысаны, оның көрсеткіштерінің құрамы қаржы жүйесінің тиісті буынының өзгешелігін бейнелейді.

Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қаржы жоспарлары смета деп аталады және негізінен олардың шығындары анықталады, ал кірістердің қосымша көздері болған жағдайда шаруашылық қызмет бойынша барлық түсімдер мен шығындарды негіздейтін кіріс шығыс сметалары жасалынады. Ұжымшарлар, корпоративтік ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және сақтық компаниялары қаржы жоспарларың, мемлекеттік биіктің органдары түрлі деңгейлердегі бюджеттерді жасайды. Коммерциялық (шаруашылық) есепте жұмыс істейтін Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржы жоспарларын бұрын кірістер мен шығыстардың балансы түрінде жасайтын. Бұл жоспарлардың құрылымы негізінен Кәсіпорындар үшін де, сондай-ақ бірлестіктер үшін де бірдей болады. Олардың кіріс бөлігінде табыстар мен қаражаттардың түсімі, шығыс бөлігінде осы түсімдер есебінен жасалатын шығындар анықталатын. Баланстың "Кәсіпорындардың бюджетпен өзара қарым-қатынастары" бөлігі (алғашқы екі бөлімді - "кірістерді" және "шығыстарды" теңестіруді) бюджетке түсетін түсімдердің және бюджеттен қаржыландыруды көрсететін.

Қаражаттарының айналымы үлкен емес шаруашылық жүргізуші субъектілер екі бөлімнен: кірістер мен шығыстардан тұратын қаржы жоспарларын жасайды, ал бюджеттен бөлінетін қаржы кірістердің құрамына, ал бюджетке төленетін төлемдер шығыстардың құрамына кірістіріледі.

Кәсіпорының кірістері мен шығыстары балансының ерекшелігі сол, онда шаруашылық - қаржы қызметінің түпкілікті нәтижелері қамтып көрсетіледі, ал аралық нәтижелер - ақша қаражаттарының айналымдары болмайды.

Есептеулер мен ақша қаражаттарының айналымдарын тіркеу (бекіту) арнаулы қаржы жоспарында - төлем күнтізбесінде жүзеге асырылады.

"Түсімдер" бөлімінде өнімді (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуден түскен табыс, банктердің қысқа мерзімді кредиттерінің, мерзімі өткен дебиторлық берешектің түсімдері, ақша қаражаттарының басқадай түсімдері, кассадағы және есеп айырысу шотындағы қалдық қамтып көрсетіледі. "Шығыстар" бөлімінде тауар-материалдық құндылықтарды сатып алуға, еңбек-ақыға, сарықтарды төлеуге, банк несиелерін өтеуге, кредит үшін пайыздарды төлеуге жұмсалатын шығындар, басқадай шығыстар "қамтып көрсетіледі. Сөйтіп, төлем күнтізбесінің көмегімен шаруашылық жүргізуші субъектілерде айналымдардың көлеміне қарай қысқа уақыт ішінде (бір айдан бес күнге дейін) оперативтік қаржылық жоспарлау жүзеге асырылады. Төлем күнтізбелігі есеп айырысулар мезгілдерін нақтылау мен олардың дәйектілігі жайында кірістер мен шығыстар балансын толықтырады, бұл олардың уақыттылығын қамтамасыз етеді.

### **2.3 Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың объектісі**

**Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың объектісі** шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттік қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен жеке мекеменің сметаларынан бастап мемлекеттік жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Әрбір жоспарда белгілі бір мерзімге белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және кредит жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады. **Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың нақтылы міндеттері** қаржы саясатымен айқындалады. Бұл жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның көлемі мен олардың көздерін анықтау; кірістерді өсірудің, шығыстарды үнемдеудің резервтерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар арасында қаражаттарды бөлуде оңтайлы үйлесімдерді белгілеу және басқалары.

Жоспарлау:

- 1) экстенсивтілігімен (элементтік-салси және экономикалық құбылыстардың кең шеңберін қамтиды);
- 2) қарқындылығымен (кәміл техника мен әдістерді қолдануды түсінеді);
- 3) тиімділігімен (қорытындысында қаржыны басқару ийған міндеттерге жетудің қажеттілігін білдіреді) сипатталады.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауда мына тәсілдемелер пайдаланылады:

а) автоматтық (өткен жылдың деректері келесі жылға көшіріледі. Инфляция кезінде деректер инфляцияның коэффициенттеріне көбейтіледі. Бұл әдіс ең қарапайым әдіс болып табылады және, әдеттегідей, уақыт жетіспеушілігі кезінде пайдаланылады;

ә) статистикалық (өткен жылдардың шығыстарын қылып өткен жылдардың санына бөледі);



б) нәлдік база тәсілдемесі (барлық айқындамалар қайта есептелуі тиіс бұл әдіс нақтылы қажеттіліктерді есепке алады және оларды мүлкіндіктерімен үйлестіріледі).

Нарықтық экономика жағдайында жоспарлау басқарудың функциясы ретінде экономикалық және әлеуметтік қызметтің барлық жақтарын жалпыға бірдей қамту нысанын алуы тиіс. Егер жоспарлы экономикада қаржыны жоспарлауда сүйеніш белгіштік процестерге жасалынса, нарықтық экономикада айырбас сферасына сүйенеді, бұл сфера арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізу және оларды өндіру мен өткізу кезінде қоғамдық қажетті шағындарды тану

Демек, нарықтық экономикада тауарлар мен қызметтерді өндіру мен өткізу процесіндегі байланыстың үстемдік және айқындаушы әдісі ақшаны, базаны, құн заңын, сұраным мен ұсыным заңын кірістіретін өзінің механизмі бар рынок болады. Нарықтық механизмнің мұндай табиғаты өндіріс пен айырбас нәтижелерін анықтаудың әдісі ретінде, бірақ жоспарлаудың элементтері болатын болжаудың қажеттігін анықтайды.

### III бөлім. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауды жетілдіру жолдары

#### 3.1. Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжауды жетілдіру (бизнес-жоспар) және көрсеткіштері мен олардың ерекшеліктері

Нарыққа ету кезінде Кәсіпорын қызметін тиімді басқарудың шешуші шарты ретінде фирманың ішкі кәсіпорынның қаржы жоспарларының мәні арта түсті. Қазіргі кезде көптеген фирмалар, акционерлік қоғамдар және басқа Кәсіпорындар қаржылық жоспарлауда да жалпы дүниежүзілік стандарттарға көше бастады. Әңгіме барлық белгіленетін шараларды қаржымен қамтамасыз етуде маңызды орын алатын бизнес-жоспар жасау туралы болып отыр. Осы мақсатпен қаржы жоспары және қаржыландырудың стратегиясы жасалынады.

**Бизнес-жоспар** - бұл кәсіпкерлік қызметтің техникалық-экономикалық негізіне сайма-сай болатын құжат. Ол мемлекеттік Кәсіпорындардың экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларына қарағанда жекеде Кәсіпорындар қатынастарының барлық жақтарын анағұрлым толық қамтады. Бизнес-жоспар өнімнің немесе қызметтер көрсетудің, ерекшеліктерін, олардың бәсекелестік қабілетін, өтім рыногын бағалауды (рынок болжалы), маркетинг стратегиясын, өндірістік, ұйымдық және заңдық жоспарларды, тәуекелдікті бағалауды және сақтандыруды сипаттайтын бөлімдерді қамтиды.

Кәсіпорынның қаржы бизнес-жоспары бірқатар кестелер мен баланстарды - өнім өткізудің болжалын, табыстар мен шығыстардың кестесін, ақшалай шығыстар мен кірістердің балансын кіріктіреді. Кейбір кәсіпорындар активтер мен пассивтердің балансын және графигін (залалсыздыққа жетудің есеп-қисабын) қосымша жасайды.

Сөйтіп, нарықтық ортада Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау анағұрлым жоғары сапалық деңгейде жүзеге асырылады және ғылыми әдістерді, қазіргі заманғы техникалық құралдарды және берік ақпараттық базаны пайдалана отырып бұл процесті жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа нысандармен және әдістермен молаяды.

Басқаруда және шаруашылық-қаржылық қызметті жоспарлауда қаржылық көрсеткіштер - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың ақшалай табыстары мен қорланымдарын жасаумен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспардың, есептің немесе есеп-қисаптың мәліметтері пайдаланылады. Олар абсолюттік және салыстырмалы мөлшерлерде тұлғаланады. Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштер сан және сапа түрінде белгілі бір қаржы-экономикалық категорияны, қосалқы категорияны, қаржы қатынастарының элементін бейнелейді.

Шаруашылық жүргізуші төменгі буындарында, мысалы, мынадай аса

маңызды кәсіпорынның **абсолюттік қаржылық көрсеткіштер** қабылданады:

- өнімді (жұмысты немесе қызметті) өткізуден түсетін табыс;
- өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтердің) өзіндік құны;
- жалпы табыс;
- кезең шығысы;
- негізгі қызметтен түсетін табыс (зияң);
- табыс салығының сомасы (төленген);
- таза табыс (немесе зияң).

Мыналар шаруашылық жүргізуші субъектілердің **көлемдік көрсеткіштері** болып табылады:

- инвестициялар көлемі; жарғылық капиталдың мөлшері;
- өндірістік және әлеуметтік даму қорларының (қолдану, тұтыну немесе соларға ұқсас резервтік, валюта жөндеу қорларының) мөлшері;
- жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, бақылау, бюджеттен есеп айырысудың көрсеткіштері (кредиторлық және дебиторлық берешектер);
- төленген дивидендтердің, үлестердің мөлшері;
- айналым қаражаттары көздерінің көлемі.

Мыналар **салыстырмалы көрсеткіштер** болып табылады:

- табыстылықтың (рентабелділіктің) деңгейі;
- акциялар бойынша табыстылық;
- негізгі және айналым капиталдарын пайдаланудың көрсеткіштері (қор қайтарымы, өнімнің қор сыйымдылығы, негізгі құрал-жабдықтар айналымдылығының коэффициенті, айналымның ұзақтығы);
- өтімділіктің көрсеткіштері.

Айрықшалықты көрсеткіштер банк, сақтық қызметтерінде, зейнетақы және басқа қорларда пайдаланылады.

Салық салу кезінде жиынтық жылдық табыс, жиынтық жылдық табыстан шегерілдер, салық салынбайтын табыс, айналым және импорт сияқты және басқа көрсеткіштер қолданылады.

Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде жалпы және жеке элементтер (санаттар, сыныптар, қосалқы сыныптар, ерекшеліктері) бойынша шығыстардың көрсеткіштері қолданылады.

**Кәсіпорынның жылдық қаржы көрсеткіштеріне** бюджеттің кірістері мен шығыстарының, сондай-ақ олардың жеке құрамдастарының көрсеткіштері мен олардың үлес салмақтары; бюджеттер тапшылығының сомасы; мемлекеттік бюджет кірістерінің, шығыстарының, тапшылығының ұлттық табысқа жалпы ішкі (ұлттық) өнімге қатынасы (пайызбен) және басқалары жатады.

**Ұлттық шаруашылық деңгейіндегі** Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштер мемлекеттің қаржы ресурстарының ауқымы мен құрылымын, мемлекеттік бюджет және басқа қаржы жоспарлары арқылы олардың бөлінуің, экономикалық түрлі салаларының рентабелділігін және бюджетке төленетін табыстың үлесін сипаттайды. Мемлекеттің қаржы ресурстарын қалыптастырудың тиімділігін жалпылама бағалауды қаржы ресурстары ауқымының жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табысқа қатынасын сипаттайтын көрсеткіштер атқарады.

Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде **нормалар мен нормативтер** пайдаланылады, олар қаржы жоспарларың, болжамдарың, бағдарламаларың ғылыми негіздеуге арналған.

Нормалар мен нормативтер салыстырмалы немесе абсолюттік шамаларда (пайыздарда, коэффициенттерде, өнімді өлшеудің натуралды бірліктерінде, уақытта, ақша өлшемінде) тұлғаланады.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауда қаржы ресурстарың жасаудың, бөлуің және пайдаланудың **ең төменгі, орташа және ең жоғарғы шекті нормалары мен нормативтері** қолданылады. Жылытық қаржылық жоспарлауда көбінесе орташа нормалар мен нормативтер, нақтылы шаруашылық органдарының қаржылық көрсеткіштерін жоспарлағанда - жеке-дара нормалар мен нормативтер пайдаланылады.

Сөйтіп, қызметтің қаржы нәтижелерің жоспарлау мен болжау процестеріндегі қаржы механизмінің бұл қозғалмалы элементтерің тығыз тоқайтасуы, өзара байланысы мен өзара іс-қимылы байқалып отырады.

Басқаруда және шаруашылық-қаржылық қызметті жоспарлауда Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштер - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың ақшалай табыстары мен қорланындарың жасаумен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспардың, есептің немесе есеп-қисаптың мәліметтері пайдалынылады. Олар **абсолюттік және салыстырмалы** мөлшерлерде тұлғаланады. Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштер сан және сапа түрінде белгілі бір қаржы-экономикалық категорияны, қорлық категорияны, қаржы қатынастарының элементін бейнелейді.

Шаруашылық жүргізуші төменгі буындарында, мысалы, мынадай аса маңызды кәсіпорынның **абсолюттік қаржылық көрсеткіштер** қабылданады:

- өнімді (жұмысты немесе қызметті) өткізуден түсетін табыс;
- өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтердің) өзіндік құны;

- жалпы табыс;
- кезең шығысы;
- негізгі қызмәтпен түсетін табыс (зиян);
- табыс салдығының сомасы (төленген);
- таза табыс (немесе зиян).

Мыналар шаруашылық жүргізуші субъектілердің көлемдік көрсеткіштері болып табыады:

- инвестициялар көлемі;
- жарғылық капиталдың мөлшері;
- өндірістік және әлеуметтік даму қорларының (қолдану, тұтыну немесе соларға ұқсас резервтік, валюта жөндеу қорларының) мөлшері;
- жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, банкімен, бюджетпен есеп айырысудың көрсеткіштері (кредиторлық және дебиторлық берешектер);
- төленген дивидендтердің, үлестердің мөлшері;
- айналым қаражаттары көздерінің көлемі.
- Мыналар салықтықталы көрсеткіштер болып табыады:
- табыстылықтың (рентабелділіктің) деңгейі;
- акциялар бойынша табыстылық;
- негізгі және айналым капиталдарын пайдаланудың көрсеткіштері (қор қантарымы, өнімнің қор сыйымдылығы, негізгі құрал-жабдықтар айналымдылығының коэффициенті, айналымның ұзақтығы);
- өтімділіктің көрсеткіштері.

Айрықшалықты көрсеткіштер банк, сақтық қызметтерінде, зейнетақы және басқа қорларда пайдаланылады.

Салық салу кезінде жиынтық жылдық табыс, жиынтық жылдық табыстан шегерімдер, салық салынбайтын табыс, айналым және импорт сияқты және басқа көрсеткіштер қолданылады.

Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде жалпы және жеке элементтер (санаттар, сыныптар, ұрсалқы сыныптар, ерекшеліктер) бойынша шығыстардың көрсеткіштері қолданылады.

Кәсіпорынның жиынтық, қаржы көрсеткіштеріне бюджеттің кірістері мен шығыстарының сондай-ақ олардың жеке құрамдастарының көрсеткіштері мен олардың үлес салмақтары; бюджеттер тапшылығының сомасы; мемлекеттік бюджет кірістерінің, шығыстарының, тапшылығының ұлттық табысқа жалпы ішкі (ұлттық) өнімге қатынасы (пайызбен) және басқалары жатады.

Ұлттық шаруашылық деңгейіндегі кәсіпорынның қаржылық жоспарының көрсеткіштер мемлекеттің қаржы ресурстарының ауқымы мен құрылымын, мемлекеттік бюджет және басқа қаржы жоспарлары арқылы олардың бөлінуің, экономиканың түрлі салаларының рентабелділігін және бюджетке төленетін табыстың үлесін сипаттайды. Мемлекеттің қаржы ресурстарын қалыптастырудың тиімділігін жаптылама бағалауды қаржы ресурстары ауқымының жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табысқа қатынасын

сипаттайтын көрсеткіштер атқарады.

Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде **нормалар мен нормативтер** пайдаланылады, олар қаржы жоспарларын, болжамдарын, бағдарламаларынғышым негіздеуге арналған.

Нормалар мен нормативтер салыстырмалы немесе абсолюттік шамаларда (пайыздарда, коэффициенттерде, өнімді өлшеудің натуралды бірліктерінде, уақытта, ақша өлшемінде) тұрғалады.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлауда қаржы ресурстарын жасаудың, бөлудің және пайдаланудың **ең төменгі, орташа және ең жоғарғы шекті нормалары мен нормативтері** қолданылады. Жиынтық қаржылық жоспарлауда көбінесе орташа нормалар мен нормативтер, нақтылы шаруашылық органдарының қаржылық көрсеткіштерін жоспарлағанда - жеке-дара нормалар мен нормативтер пайдаланылады.

Қаржы нормалары мен нормативтері сондай-ақ бекітілетін және есеп-қисаптың болып бөлінеді. **Бекітілетін** нормалар мен нормативтер қолданыстағы заңнамамен белгіленеді, **есеп-қисаптары** ішкі жоспарлауда пайдаланылады. Бекітілетіндерге салық мөлшерлемелері, әлеуметтік қажеттерге, бюджеттен тыс қорларға аударылатын аударымдардың нормалары, есеп-қисаптықтарға аударымдардың нормалары және Кәсіпорындар мен ұйымдардың қорлану және тұтыну қорларын, негізгі қорларды (капиталдарды) жөндеу қорын жасау нормативтері және Кәсіпорындар мен мекемелердің қаржы қызметін реттейтін басқалары жатады. Сондай-ақ **біріншай** нормалар мен нормативтер болып ажыратылады, мысалы, әр түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен салалар үшін амортизациялық аударымдардың нормалары және **сараланған** түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілерде түрліше болатын айналым қаражаттарының нормалары мен нормативтері.

Көптеген Кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштер бір мезгілде нормалар, нормативтер немесе **лимиттер** бола алады, мысалы, табыстылықтың деңгейі, түрлі Кәсіпорынның қаржы қорларының атаулары көрсеткіштер де, нормативтер де немесе **лимиттер** де болып табылады. Сөйтіп, қызметтің қаржы нәтижелерін жоспарлау мен \*болжау процестеріндегі қаржы механизмнің бұл мұқалмалы элементтерінің тығыз тоқайласуы, өзара байланысы мен өзара іс-қимылы байқалып отырады.

## Қорытынды

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау мен болжау - саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Ол экономиканың пропорционалды кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге, қалықты әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылықты жүргізудің белгіленетін тұтқи нәтижелеріне ықпал жасайтын көптеген факторлардың екі ұштылығына байланысты қаржыны жоспарлау көбінесе оны болжау ретінде жүргізіледі. Сондай-ақ индикативті, яғни нұсқамалық жоспарлау пайдаланылады; ол ақпараттық-үйлестірушілік рөлді орындайды және қаржы қызметінің субъектісіне экономикалық реттеушілер арқылы жанама түрде ықпал етеді.

Кәсіпорынның қаржы жоспарының жүйесіне кіретіндер:

- Кәсіпорындардың және олардың салаларының кірісі пен шығысының балансы
- қоғамдық ұйымдардың қаржы жоспарлары
- бюджеттік ұйымдардың сметасы
- әлеуметтік сақтандыру бюджеті
- мемлекеттік бюджет
- мемлекеттің жалпы қаржы жоспары

Кәсіпорынның қаржылық болжау - мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын-ала көре білу, қаржы жоспарларының нәтижелерін негіздеу. Кәсіпорынның қаржылық болжау әртүрлі әдістерді қолдануды қажет етеді, олардың қатарына жататын ең маңыздылары: экстраполяция, нормативтік, математикалық модельдеу әдістері.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлаудың басты міндеттері:

- қаржы ресурстарының шығу бұлағын және көлемін анықтау
- рационалды теңгерту
- өндірістік және өндірістік емес сфералары арасындағы ақша айналысын тиімді қолдануды бақылау және реттеу
- приоритетті даму бағыттарында ақша қаражаттарын концентрлікпен

Объективті талаптарға жауап беретін қаржылық жоспарлауды ұйымдастыру үшін негізгі қағидаларын саналы есепке алу қажет етеді.

Экономикалық жоспарлау жүйесінде кәсіпорынның қаржылық жоспарлау белсенді рөл атқарады, өйткені ол, бір жағынан - қаржы ресурстарын басқарудың құралы, басқа жағынан - қоғамдық өндіріс процесіне ықпал етудің маңызды тұтқасы.

### Қолданған әдебиеттер

1. Ілиясов Қ.Қ., Құлшыбаев С. Қаржы: оқулық. Алматы, 2005.
2. Құлшыбаев Сәрік. Қаржы: оқу құралы. Алматы: Мерей, 2001 ж.
3. Мельников В.Д., Ли В.Д. Общий курс финансов. Учебник. Алматы: Институт развития Казахстана, 2001
4. Қаржы және оны басқару. Оқу құралы. Құлшыбаев С. Алматы, Мерей, 1999.
5. Бабич А.М., Павлов Л.Н. Финансы: учебник. М., 2001.
6. Дробозина Л.А. Финансы. Учебник для вузов. М.: ЮНИТИ, 2000
7. Макконелл Кэмпбелл Р., Брю Стэнли Л. Экономика: принципы, проблемы и политика. М., Республика, 2000.
8. Словарь современных экономических и правовых терминов / Авт.-сост. В.Н. Шимов и др.; Под ред. В.Н. Шимова и В.С. Каменкова. - Мн: Амафед, 2002.
9. Экономика. Краткий словарь. - Ростов н/Д: Феникс, 2001. - 336 с. - (Словари XXI века).